

ҚАЗАҚТАР ЖӘНЕ ОЯНУ ҰҒЫМЫ

Проф.Мехмет Қара*
Фил.ғыл.кан.Дамира Ибрагим**
Фатих Университеті
Стамбул/Түркия

ÖZET

Dillerde önce somut kavramlar şekillenmiş, sonra aynı kavramların soyut biçimleri de ortaya çıkmıştır. Bunlardan biri de “uyanma” kavramıdır. Söz konusu kavramın Kazakçası *oyanuu* şeklindedir. Dil şekillenmesine paralel olarak “uyanma” kavramı da önceleri bir insanın uykudan uyanmasını anlatırken, sonraları insanoğlunun gaflet ve dalginlıktan kurtulmasını ifade eder hâle gelmiş olmalıdır.

Sovyetler öncesine ve sonrasına (bağımsızlık yıllarına) ait metinler, bize bu konuda önemli veriler sunmaktadır. 19. yüzyılda yaşayan meşhur Kazak şairi Abay, Kazaklara şöyle seslenir: “*Gaflet uykusundan uyanın, adam olun!*”. 20. yüzyıl başlarında yaşayan Mirjakıp Dulatov, Ahmet Baytursinov, Mağcan Cumabayev gibi Kazak aydınlarının eserlerinde de bu kavram önemli bir yere sahiptir. Örnek olarak; Ahmet Baytursinov, Kazakları yabancı ideolojinin etkisinden kurtarmak için *Masa* “Sivrisinek” adlı kitabını kaleme almıştır. Baytursinov, bu eserin girişinde “*Gaflet uykusuna dalmış olan halkımı bir sivrisinek gibi sokmak, daldıkları derin uykudan onları uyandırmak istedim*” demiştir. Mirjakıp Dulatov da bu düşünceden hareketle *Oyan Kazak* “Uyan Kazak” adlı eserini yazmış ve bu eserinde şöyle seslenmiştir:

“Gözünü aç, uyan Kazak, kaldır başını,
Geçirme karanlıkta boşuna yıllarını”

* Prof. Dr. Mehmet KARA, Fatih Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi, İSTANBUL/TÜRKİYE, mehkara@yahoo.com,

** Yard. Doç. Dr.Damira İBRAGİM, Fatih Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi, İSTANBUL/TÜRKİYE, dibragim@fatih.edu.tr

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 3/7 Fall 2008*

Bu mısralar, Kazakların millî uyanış devri sayılan 1930-1940 yılları aydınlarının sloganı hâline gelmiştir.

1990'lı yıllarda Sovyetlerin dağılmasıyla birlikte Kazaklar için *yeni uyanış devri* başlamış; *yeni uyanış*, 1986 “Jeltoksan” olayları ile uç vermiştir. Kazak halkı, “asırlık uykudan” uyanarak kendini diri tutacak milli, dinî, tarihî değerlerine ve özellikle de ana diline sahip çıkmamanın yollarını aramaya başlamıştır.

Bu bildiride, soyut anlamlı *uyanma* kavramının Kazaklar arasındaki algılanış biçimi üzerinde durulacaktır.

Anahtar Kelimeler: Kazaklar, uyanma kavramı, Sovyetler öncesi, bağımsızlık yılları, yeni uyanış devri.

THE CONCEPT OF AWAKENING AND KAZAKHS

ABSTRACT

In languages, firstly concrete concepts have taken shape, then abstract forms of these concepts have emerged. One of these is the concept of “awakening”. The concept in question means *oyanuw* in Kazakh language. Parallel to the embodiment of the language, while the concept of “awakening” was previously expressing a person’s waking up after sleeping, then it becomes to express human’s liberation from unawareness and carelessness.

Texts which are belonging to Soviet and post-Soviet (independence years) period present to us important data for this matter. Famous Kazakh poet Abay, who lived in 19th century call to Kazakh people in this way: “Wake up from sleeping of awareness, be a man!” This concept has an important place in the works of Kazakh intellectuals who lived at the beginnings of 20th century like Mirjakıp Dulatov, Ahmet Baytursinov, Mağcan Cumabayev. For example, Ahmet Baytursinov, has written his book called *Masa* (gnat, mosquito) to save Kazakh people from foreign ideology. Baytursinov, said in the introduction of this work: “I wanted to sting my people who has fallen asleep of unawareness and awake them from this deep sleeping.” Moving from this idea, Mirjakıp Dulatov has

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 3/7 Fall 2008*

written his book called *Oyan Kazak* “Wake Up Kazakh” and said in this work:

“Open your eye, wake up Kazakh, lift up your head,

Don’t spend uselessly your years in the dark.”

These verses, had become slogan of the Kazakh intellectuals in the years of 1930-1940 which are accepted as Kazakhs’ national awakening period.

In 1990s, after the collapse of Union of Soviet Socialist Republics, a *new awakening* period has begun; *new awakening* began to develop with 1986 “Jeltoksan” events. Kazakh people, waked up from “sleeping of century” and has begun to ways of claiming national, moral, historical values especially his native language.

In this presentation, perception of the concept of *awakening* in abstract meaning between Kazakh people will be studied.

Key Words: Kazakhs, the concept of *awakening*, pre-Soviet period, independence years, new awakening period.

Тілдердің дамуы мен қалыптасу барысы зерделенгенде кез келген тілдің сөздік қорына қосылған жаңа сөздің әдепкіде нақты (конкретті) ұғымға ие болатынын, келе келе абстрактілі мағына үстелетінін байыптау қиын емес. Қазақ тіліндегі *ояну* сөзін де осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, әу баста бұл сөз адамның биологиялық ұйқыдан оянуын білдірсе, кейіннен адамның мешеулік, ойсыздық, бейқамдық сынды болымсыз сыпаттардан арылып, есін жиюы, сана сезімінің оянуы сияқты жанама мағыналарға ие болған.

Қазақ тілінің сөз байлығын негіздейтін қайнар көздер Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі¹ мен Абай тілі сөздігінде² бұл ұғымның «сана сезімнің оянуы, ой-пікірдің кемеліне келуі, оң-солын ажыратып шындықты көрер халге жету, бір нәрсені не оқиғаны сезіне білу, ақиқатты түйсіну» сияқты

¹ Қазақ Тілінің Түсіндірме Сөздігі, Алматы, 1998, 504-б.

² Абай Тілі Сөздігі, 1968, 483-б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic*

Volume 3/7 Fall 2008

мағыналарда қолданылатыны жайлы баяндалған. Осы мағыналарды қамтитын ояну етістігі негізінде қазақ тілінің сөздік қорында көнерген сөздер санатында ескі жәдігерлерде жиі ұшырасатын «бәлиғат жасына келген, оң-солын ажыратар шаққа жеткен, толыққанды ақыл иесі» мағынасындағы оя есімінен туындаған болуы да мүмкін.

Баяндамамызда ояну ұғымының қазақ халқының түсінігінде алар орнын түсіндіру мақсатымен Қазақ хандығы кезеңі мәтіндерінен бастап, XIX ғасыр қазақ зиялыларының шығармаларынан, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы мәтіндерден және тәуелсіздіктен кейінгі жылдар жазбаларынан мысалдар келтіріледі.

XIV-XVIII ғасыр мәтіндері негізінен ақын, жырау, би-шешендердің терең ойға құрылған поэтикалық шығармаларынан тұрады. Көне замандардан бері көшпелілік үрдісті ұстанған қазақ халқы үшін өлең-жыр дүниені, болмысты танудың және сол танымды сөзбен жеткізудің бірден-бір құралы болып, көбінесе абстрактілі ойға қызмет еткен. Тереңнен тамыр тартқан ой пікірлерін, пәлсапалық түйіндерін поэзия түрінде халыққа жеткізіп отырған ақын, жырау, би-шешендер - өз кезеңін саяси, әлеуметтік, тағылымдық тұрғыдан басқарған майталмандар. Ақындардың жырында, жыраулардың термелерінде, билердің нақты шешімі мен шешендердің байыпты байламдарында терең философиялық тағылым қамтылған. Сол кезеңнің сөз және ой ұсталары арасында ақындық, жыраулық, билік және шешендік қабілеттердің кез келген біреуі бойына дарығандар да, осы қасиеттердің бәріне бірдей ие кемел тұлғалар да болған. Әлеумет пен қоғамға тікелей қатысты барлық мәселелерде өткір де нақты көзқарасқа және шешендік мәнерге ие болу, ақылдың тоқтамын жүрекпен сезініп талғай білу осы аталған тұлғаларға тән ерекшеліктер. Ақын, жыраулар дастандар мен терме, толғаулар арқылы көбінесе халықтың тәрбиесімен айналысса, би-шешендер халыққа ғана емес, ел басқарған хандарға да насихат айтып, болашақтың бағдарламасын түзумен қатар, елді әр түрлі ықтималдылықтарға қарсы ескертіп, оятып отыруға жауапты болған.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 3/7 Fall 2008*

Бұл тұлғалар Қорқыт ата сынды халықтың түрлі күйзелісін шешкен. Қилы замандарда шапқыншылықтар мен жорықтардан соң халықтың жанын сақтап, малын қорғау ханмен қатар осы тұлғалардың да жауапкершілігінде болған. Ханның бас кеңесшісі ретінде елдің тыныштығы үшін аянбай еңбек еткен олар халықты жәбірлеген мейірімсіз хандарды аяусыз сынаған. XVII ғасырда өмір сүрген Марғасқа жыраудың өз кезеңінің ханы Тұрсынға қарата айтқан төмендегі өлең жолдары осы сөзімізді дәлелдей түседі:

«Ей, Қатағанның ханы Тұрсын,
Опасызға лағынет болсын.
Кінәсіз халықты жылатқан
Жер Тәңірісі сияқтысың.
Алтын тақта отырсаң дағы
Ажалға төтеп бермесің.»

Суырып салма ақындар мен билер ішкі, сыртқы дұшпандарға қарсы күресте, әлеуметтік даму процесінде елдің бостандығын сақтап қалу үшін халыққа үнемі бағыт сілтеп, ұлттық болмыстың терең рухани астарларын қамтитын өзекті байламдар айта білген. Тумысынан даналыққа құштар халықты ұдайы ояу қалпын сақтауға үндеп, мешеуліктен сақтандырумен болған. Осы мақсатта жазылған толғауларда дүние-ақырет, өткен-келешек, жаман-жақсы, адамгершілік-залымдық, өмір-өлім т.б. тақырыптарда терең мазмұнды философиялық түйіндер жасалып, салыстырмалы психологиялық параллелизм әдісімен дәстүрлі рухани дүниетанымдық тұғырлар беки түскен.

Сол дәуірде халықтың көкірек көзін ашуға қызмет еткендер қатарында Асан қайғы, Доспамбет, Қазтуған, Шалкиіз, Бұхар, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Көтеш, Шал сынды ақындар мен жырауларды атауға болады. Олар қазақ мемлекетінің тұғырлы ұстанымы ретінде «елдің ауызбіршілігін сақтау, сыртқы жауға қарсы ұдайы даяр болу, діни және ұлттық қасиеттерді жан-тәнімен қорғау»³ мәселелеріне тоқталған. Бұл дәуірдегі ақын, жырау, би-

³ XV-XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясы, Алматы, «Ғылым», 1982, 19-б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 3/7 Fall 2008*

шешендер қазақ философиясының негіздерінің бірі саналатын халықтың рухани құндылықтарына ерекше назар аударып, рухани ояну мағынасындағы үндеулерін тілек сипатында білдірген. Мысалы Шалкиіз жырау «Жаманға сенбе, сене қалсаң да ерме, қапыда қаларсың, көзің ашық болсын»⁴ десе, Асан қайғы «Нәпсі алдаушы дұшпаның, насихатын алмағыл»⁵ деп, замандасын құптаған. Жалпы тереңге тамыр тартқан қазақ философиясы қай дәуірде де нәпсіден, табыстан, пайдадан гөрі ар ұят, қанағат, әділет сияқты адамгершілік қасиеттерді дәріптеген және жеке мүддені қорғай отырып, жалпы халықтық мүддені сақтауға шақырған.

Қазақ тарихындағы саңлақ тұлғалардың бірі Абылай ханның бас кеңесшісі болған мәшһүр Бұқар жыраудың көпшілікке мәлім «Бірінші тілек тілеңіз» өлеңі жоғарыдағы ойды нақтылай түседі.⁶ Бұл өлеңінде жырау адам өмірінде маңызды ролі бар тілектерді санамалау арқылы әлеуметке осы мәселелерде дәйім ықтият болу керектігін ескерткен. Бұқар өлеңіндегі тілек тілеудің мағынасы “аталған жайттарға қатысты әрекет жаса, қол қусырып, мүлгіп отырушы болма, көңіл көзің ашық болсын” дегенге саяды. Ол туған халқына былайша үндеу тастаған:

«Бірінші тілек тілеңіз
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз
Бір шұғыл, пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа...
Бесінші тілек тілеңіз
Бес уақытта бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.»

Өлеңнің алғашқы жолдарында Бұқар жырау «Әмри бил мағруф нәхи анил мүнкәр» (үнемі жақсылыққа шақырып, жамандыққа қарсы тұру) мәселесін және нәпсінің тұзағына ілікпеу үшін әрдайым ояу болуды, рухани діни құндылықтарды дәріптеуді насихаттаған. Өлеңнің

⁴ Бұл да сонда, 67-б.

⁵ Бұл да сонда, 79-б.

⁶ Бұл да сонда, 111-112-б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 3/7 Fall 2008*

жалғасында жырау халықты сыртқы жаудан сақтандырған, себебі Бұқар өмір сүрген кезең қазақ халқының қаралы беттері саналатын қазақ -қалмақ соғыстарымен тұспа -тұс келеді.⁷

Бұқар жырау елім деп еңіреген ерлерді былайша сақтандырады:

«Алтыншы тілек тілеңіз,
 Алпыс басты ақ орда
 Ардақталған аяулың
 Тегін олжа болмасқа...
 Жетінші тілек тілеңіз,
 Жер қайысқан қол келіп,
 Желкілдеген ту келіп,
 Сонан сасып тұрмасқа...
 Тоғызыншы тілек тілеңіз
 Төреңіз тақтан таймасқа.
 Оныншы тілек тілеңіз
 Он ай сені көтерген
 Анаң бір аңырап қалмасқа.»

Сонымен қатар өлеңде жалқаулықтан, мешеуліктен арылуға шақыратын жолдар да кездеседі:

“Үшінші тілек тілеңіз
 Үшкілсіз көйлек кимеске.”

Халықтың дара тұлғалары ақын, жырау, би-шешендер елді рухани мүлгуден алыстатып баққанмен, XVIII ғасырдан бастап қазақтар патшалық Ресейдің тұзағына іліге бастаған. Сол кезеңде бірте-бірте бодандыққа дендеген ұлты үшін күйзелгендердің бірі -Шортанбай. Ол күйзеліс сарынындағы өлеңдерінде қазақ хандығының саяси тәуелсіздігінен көз жазып қалуын халық пен ханның рухани салғырттығымен байланыстырған. Елдің осыншалықты ескертуге қарамастан ғафлат ұйқысынан ояна алмағандығын зарлай жырлаған шайыр Шортанбай жырларының негізінде бұл кезең Зар заман жылдары деп сипатталған.

⁷ Толық мәлімет үшін М.Мағауин, Қазақ тарихының әліппесі, Алматы, 1982;

XIX ғасыр қазақ зиялыларының көшбасшысы Абай шығармаларындағы әлеуметтік сарын Шортанбаймен және оның пікірлестерімен үндеседі. Абай қазақ мәдениеті мен философиясының көрнекті тұлғаларының бірі, сондықтан «Абайды тану қазақ халқын танумен» тікелей байланысты.⁸

Соқтықпалы,соқпақсыз қоғамда өмір сүрген Абайдың мыңмен жалғыз алысқаны белгілі.⁹ Халықтың төлтума мәдениетінен, шығыстың шырайлы құндылықтарынан нәр алған және батыстың әдеби фәлсапалық шығармаларымен жете таныс ойшыл шығармаларының басым көпшілігінде сүйген халқын ғафлаттан арылып, адам болуға, көне зейінді жақсылықпен нәрлендіре отырып жаңғыртуға шақырады.¹⁰

XIX ғасырда қазақ халқының бірсыпырасы көшпенді мәдениеттен отырықшы қалалық мәдениетке бет бұрып, орыс және батыс мәдениетімен жақыннан таныса бастағаны анық. Ол ғасырда қазақ даласында әртүрлі идеологиялық ұстанымдар (діни идеология, айдаудағы орыс саяси демократтарының ұстанымы) пайда бола бастаған. Кейбір ғалымдар орыс тілі мен мәдениеті, кириллица жазуы тарала бастаған бұл кезеңді қазақ қоғамының негізгі ояну және тірілу кезеңі деп қарастырады. Түрлі қайшылықтарға толы осы кезеңде Абай болмаса да, соған жетекабыл жетекшінің болуы тарихи қажеттілік еді.¹¹

Осы себепті Абай көненің соңы, жаңаның басы ретінде қабылданады. Өлеңдерін жастарға үлгі беру мақсатымен жазғанын білдіре отырып, Абай өз сөздерінің тек қана көкірек көзі ояу жастарға әсер ететінін ашып айтады:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.

Жоқ барды,ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, ойы орамды

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.»

Абай надандықты қоғамның індетіне балаған. Абай ұғымындағы надандық, дінсіздік, имансыздық, саутсыздық, жігерсіздік, жалқаулық, мешеулік, ойсыздық,

⁸ Есім, Ғарифолла, Хакім Абай, Алматы, 1994, 51-б.

⁹ Абай, Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1952, 89-б.

¹⁰ Есім, Ғарифолла, Хакім Абай, Алматы, 1994, 30-б.

¹¹ Есім, Ғарифолла, бұл да сонда, 31-б.

нәпсіқұмарлық, өсек, тұрақсыздық, паракорлық, өтірік, жағымпаздық, ұрлық, қызғаншақтық, мейірімсіздік т.б сияқты болымсыз сипаттардың бәрін қамтиды. Осы сипаттарды атай отырып, шайыр елді адамшылыққа оянуға үндейді. Абай ілім білім үйренуде, өмірдің сырларын түйсінуде кеш қалғанына, жастай ояна алмағанына опынады. Ақын бұл өкінішін өлеңдеріне де, қара сөздеріне де арқау еткен:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.»¹²

«Бұл мақұрұм қалмағыма кім кінәлі?
Қолымды дөп сермесем өстер ме едім?»¹³

Өткенін осылайша ой елегінен өткерген соң ақын кейінгі қадамы жайлы былай деген:

«Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ...»

Ақынның ұстанымы нық. Ол тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт бола бастаған діни, ұлттық дәстүрлерді сақтауға деген ұмтылысты қасиетті міндетке санайтынын өлеңмен білдіреді:

«Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірін жеткіз!
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!»

Абай көзқарасының негізін адам проблемасы құрайды. Ақын сол дәуірде ақлақсыздықтың арта түскендігін айтып, қынжылады:

«Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,

¹² Абай, Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1968, 12-б.

¹³ Абай тілі сөздігі, Алматы, 1968, 483-б.

Мінездерін көргенді.
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін
Деп насихат бергенде,
Ұятсыз, аосыз салтынан
Қалғып кетер артынан.»¹⁴

«Өтірік, ұрлық, үкімет, зорлық,
Құрсын, көзің ашылмас.
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын.»¹⁵

Абай, жоғарыда аталып өткендей, ояу болуды (ұйқысыздық халін) физиологиялық көзбен байланыстырмайды. Ол физиологиялық көзі ашық болғанымен, көңілі мен рухы мешеу жандардың арта түскеніне күйзеліп, хақиқи көрудің жүрек арқылы жүзеге артатынына тоқталған. Осы сипаттағы оянуды көңіл, жүрек немесе кеуде (көкірек көзінің) оянуы деп түсіндіреді ақын. Көкірек көзі ояу, басқаша айтқанда басирет қасиетіне ие адамның жүрегі миынан (ақылынан) үстем болып, осылайша ол жаратылыстың тылсымын айқын түсінетін халге жетеді.

«Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас мұндай сыйды.»¹⁶

«Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын ұғуға,
Кеудесінде болсын көз.
Жүрегі айна, көңілі ояу
Сөз тындамас, ол баяу.»¹⁷

¹⁴ Абай, Өлеңдер, Алматы, 1972, 34-бет.

¹⁵ Абай, Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1957, I-т, 90-б.

¹⁶ Абай, бұл да сонда, 20-б.

¹⁷ Абай, Шығармалар, Алматы, 1994, 100-б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 3/7 Fall 2008*

Абай танымында сезім мен ойдан мақұрұм көңіл қалың ұйқы құшағындағы қара көңіл ретінде сипатталған. Қара көңілді ұйқыдан ояту - тілдің міндеті. Тіл жаратушыға жалбарыну арқылы қара көңілді оята алады. Ақын (менің сезім көңіл оты сөнбегендерге)¹⁸ дей келіп:

«Сайра да зарла, қызыл тіл.

Қара көңілім оянсын.

Жыласын, көзден жас ақсын

Омырауым боялсын»

деп қорытады. Осы өлең жолдарынан Абайдың жүрек көзінің оянуын, жаратылыс тылсымына егжей-тегжейлі қанығуды аңсағаны аңғарылады. Өзін және қоғамын осылайша сынап келе Абай жиырма төртінші қара сөзінде: «Біз қазақтар қашанға дейін қорланып өмір сүреміз?!...» деп сұрақ қойып, оған артынша өзі жауап береді: «Қазақ халықынң дамуы оқумен, сауат ашумен, ілім үйренумен байланысты.»¹⁹

Абай шығармалары негізінен халықты рухани ояту сарынында болғандықтан, Кеңестік кезеңде толыққанды зерттелуге тыйым салынғаны белгілі. Алайда, осыған қарамастан, Абай сынды жетекші тұлғаның пікірлерін халыққа жеткізіп түсіндіру мақсатымен, елді ояту қозғалысының байрағын Абайдан қабылдап алған Міржақып, Ахмет, Мағжан, Әлихан сияқты тұлғалар 1930-жылдардағы репрессияның құрбаны болған. Олар Кеңес идеологиясының қазақ халқын большевиктік социализмнің қиялымен тербетіп, мәңгүрттендірген мәдениеттің деградациямен трансформацияға ұшырайтынын сезіп білген.

Ғалым, тюрколог, әдебиеттанушы, тіл маманы, жазушы, ақын, тәржіман, әрі журналист Ахмет Байтұрсынов патшалық Ресейдің қазақ халқына тізе батыруына түрлі жолдармен қарсылық білдірген. Кейбір ойсыз қазақтар орыс губерниясына жағымпазданып, жекебас мүддесі үшін жанталасып жатқанда, ол еңсесі езілген елінің бостандығы

¹⁸ Абай, бұл да сонда, 142-б.

¹⁹ Абай, Қарасөз Поэмалар, Алматы, 1993, 50-51б.

үшін толассыз күреске бел буған.²⁰ Ахмет Байтұрсынов елдің елдігін сақтау мақсатымен Алаш партиясын құрушылардың қатарында қазақ мектептерінің ашылуын талап етіп, қазақша газет шығаруға жетекшілік жасап, қазақ әдебиеті мен тіл біліміне ғылыми тұрғыдан талдау жасап, Батыс классиктерін қазақ тіліне аударумен айналысқан.

Ахмет Байтұрсынов пікірлес жолдастарымен бірге қазақ халқын ғафлат, мешеулік құрдымынан халықтың ақылына, жүрегіне және сезіміне әсер ете отырып құтқару үшін еңбек еткен.²¹ Ақын Ахмет Байтұрсынов алғаш жазған өлеңдерінің бірінде бұл ойын былайша өрбіткен:

«Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның
Аш көзіңді оянып!»

Ахмет Байтұрсынов «Қазақ назы» атты мақаласында тарихи мәселелерге қатысты объективті түрде байлам жасап, қазақ хандығының құлауының, қазақ мемлекетінің тұрақсыздығының, Ресейге тәуелділіктің бәрінің себебі надандық деп түйген.²²

Ахмет Байтұрсынов аға буын өкілі Абай сынды «Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп, Ұмтылып, талап іздеп, талпынбаған»²³ деп көпшіліктің немқұрайлығын ашына айтқан. 1911 жылы Орынборда басылған “Маса” атты кітабының кіріспесінде Ахмет Байтұрсынов:

«Ызындап үшқоан мынау біздің маса,
Сап сары аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен қара, яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындасак?!»

²⁰ Байтұрсынов, А, Ақ жол, Алматы, 1991, 5-б.

²¹ Байтұрсынов, бұл да сонда, 8-б.

²² «Айқап», 1911, №2

²³ Байтұрсынов, бұл да сонда, 75-б.

дей отырып, терең ғафлат ұйқысынан оянбай жатқан халқын маса болып шағып оятқысы келгенін білдірген. Өлеңдерінің жалғасында ақын ұлттың жарқын болашағы жолындағы күрестен бас тартпайтынын былайша баяндайды:

«Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар»

Үлкен ойшыл Ахмет Байтұрсынов ұлттың жарқын келешегі жолындағы іс тәжірибесін жастармен бөлісіп, оларға жол көрсетуді әрдайым мақсат еткен. Осы бағытта ізінен ерген жолдастарының бірі Міржақып Дулатовқа арнаған бір өлеңінде оны алған бетінен қайтпауға үндеп, намысын жана түскендігінің куәсі боламыз:

«Аз сөзіме құлақ сал, ақын інім!
Ой, пікір, рухымыз жақын інім.
Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын деп ақыл, інім.»²⁴

Міржақып Дулатов бар өмірін халқының бақыты үшін сарп еткен, ғұмырының соңғы сәтіне дейін ұйқыға шомған халқын ояту үшін жан дәрмен күресіп, әуелде патшалық Ресейдің тұтқынына түсіп, кейіннен Сталиннің қанды шеңгеліне іліккен бірегей (қазақ зиялысы) тұлға. Міржақыптың жастық шағы қазақ халқының басына күн туған қиын қыстау кезеңіне - XX ғасырдың басына тұспа-тұс келген. Бұл шақта дала қазағы рухани тұрғыдан жаңа ояна бастаған -тын. Ресейдің әлеуметтік және саяси қыспағы күннен күнге артып, Сталиннің атақты жер реформасынан соң орыс мұжықтары қазақтардың құнарлы жерлеріне қоныстандырылып, көпшілік қазақтар

²⁴ Байтұрсынов, бұл да сонда, 74-б.

күнкөрістерінің негізі болған мал жайылымдарынан айырылған еді.²⁵

1909 жылы қазақ әдебиеті тарихында ерекше маңызы бар үш кітап жарық көрді, олар Абайдың өлеңдер жинағы, Ахмет Байтұрсыновтың “Масасы” және Міржақып Дулатовтың “Оян, қазақ!” кітаптары арқылы қазақ халқы тұңғыш рет ана тілінде оқудың ләззатын түйсінеді.²⁶ Ілешала “Оян, Қазақ!” екінші рет басылады. Жас ақын әрі қайраткер М.Дулатұлы аз уақытта халыққа кеңінен танылуымен қатар жетекші органдардың да көзіне түсіп үлгереді. Мемлекетінің тәуелсіздігін көксеген, бұрын-соңды ешбір партия құрамында болмаған Міржақып тұңғыш рет Алаш партиясына мүше болады. Өзге де пікірлестері сияқты оның да алдына қойған мақсаты тәуелсіз мемлекет құру болатын.

“М. Дулатұлы 1929 жылы қапастағы тергеуде берген жауабында “Оян, Қазақ!”тың жазылу тарихын баяндаған. Жазбаша түрде берген осы жауабында ол патша үкіметінің ең төменгі дәрежелі қызметкерлерінің халыққа жасаған зомбылығына, оларға мойынсұнбаған қазақтардың мүшкіл халіне, зорлық-зомбылық, парақорлық, жалған ақпар беру сияқты жаман әдеттердің белең алғандығына, қазақ әйелдерінің күндіктегі халіне, құнарлы қазақ жерінің сырттан келген орыс мұжықтарына үлестірілгендігіне, осы себепті қазақтардың құнарсыз жерге көшуге мәжбүр болғандықтарына, халықтың сауатын ашпақ болғандардың патша үкіметі тарапынан қыспаққа ұшырағандарына, құқығын қорғамақ болғандардың Сібірге айдалғандықтарына және халықтың медициналық көмектен мүлдем мақрұм екендіктеріне тоқталады. Сондай-ақ кедейлердің ауқатты адамдармен бірдей салық төлеуге мәжбүрленгендігін, осы ауыр жағдайдан халқын құтқаруды өзіне міндет санайтындығын және көзқарастарын баспасөз, оқу-ағарту арқылы білдіретіндігін айтқан. Ақын негізгі мақсатын кітаптың кіріспесінде былайша жеткізген:

“Көзіңді аш, оян, қазақ,көтер басты

²⁵ Дулатова Гүлнар, Иманбаева Сабира, Міржақып Дулатұлы, Алматы, 2002, Мектеп, Ітом, 6-б.

²⁶ Дулатова, Иманбаева, II-т., 11-12 б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 3/7 Fall 2008*

Өткермей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харап боп,
Қазағым енді жату жарамасты.”

М.Дулатұлының таңдамалы өлеңдерінен құралған бұл кітапта патшалық Ресейдің үстемдік саясаты, қазақ халқының жер, дін, оқу, әйелдердің жағдайы және сайлау мәселелері жайлы баяндалған. Патша үкіметінің қанауына ұшыраған халқымыздың қиын жағдайына қиналған жас ақынның “Оян, Қазақ!” деген үндеуі қазақ даласының түкпір-түкпіріне жетіп жатты. Бұл үндеу дер кезінде тасталған болатын, өйткені қазақтардың негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығының қайнары саналатын жайылымдарды келімсектер иеленіп алған еді. Қазақ зиялылары қараңғы халықты ұйқыдан ояту үшін тынымсыз еңбек етіп жатқанда, патша үкіметі де бейжай қалмады.

Қ. Кемеңгеров 1926 жылдың 1-желтоқсанында Еңбекші қазақ газетінде жарияланған “Көркем әдебиет туралы” деген мақаласында халықтың “Оян, Қазақты” Құрандай жаттағанына, осы кітабынан соң Міржақыптың барша халыққа танымал болғандығына тоқталған. Ал Жанұзақ Қасымбаев бұл кітапқа патша нөкерлерінің жарылғыш зат сынды үрке қарағандарын жазған.²⁷

Кеңестік жүйенің аяусыз саясаты салдарынан елінің тәуелсіздігі үшін еңбек еткен көптеген зиялылар қыршынынан қиылғанымен, олардың ұстанған жолы халық жадынан шыққан емес. Мұның ең үлкен үлгісі - 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Бұл оқиға Қазақстанның жаңа тарихы мен жарқын келешегінің бастауы саналады. Қазақстан Компартиясы басшылығына ұлты орыс Н.В. Колбиннің тағайындалуына наразылық білдіріп, “Қазақстанға қазақ басшы болғанын қалаймыз!” деп ұрандап, астананың орталық алаңына бейбіт шеру мақсатымен жиналған жастардың аяусыздықпен соққыға жығылып, көпшілігінің өліміне себеп болған бұл атышулы оқиға Қазақстанның тәуелсіздігі үшін жасалған нақты әрі нәтижелі қадам болды. Осы оқиғаның құрбандарының бірі Қайрат

²⁷ Қасымбаев, Жанұзақ, ““Оян, қазақ!” кітабының тарихы мен тағдырынан”, Қазақ әдебиеті, 9/11/1990, 2-б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 3/7 Fall 2008*

Рысқұлбековтың төмендегі өлең шумақтары өз замандастарына ғана емес, кейінгі ұрпаққа да ескерту тәрізді:²⁸

“Қаймана қазақ қамы үшін
 Қарусыз шықтық имайданға.
 Алыстан әскер алдырып,
 Қырып салды табанда
 Сөйлесем даусым жетпейтін,
 Кез болдық мына заманға.
 Шовинизм еді ғой
 Басты себеп жанжалға.
 Еліміздің намысы
 Жат қолында қалмасын.
 Абай туған жерінде
 Бомбасын атом жармасын!
 Аталардың мазарын
 Өзіңнен шыққан басшыны
 Орнынан былай алғасын,
 Үміт еткен Мәскеуден
 Қалайша көңілің қалмасын?!..”

1990 жылдардың басында Кеңестер Одағы құлап, қазақтар үшін Желтоқсан оқиғасы ұлттық оянудың бастауы болды. Қазақ халқы ғасырлық ұйқыдан оянып, ұлттық, діни, тарихи құндылықтарына, әсіресе ана тіліне иелік жасаудың жолдарын іздей бастады. Ұлт жанашырлары мен зиялылар күреспен келген тәуелсіздікті сақтауды қасиетті міндет санады. Әсіресе, ақын-жазушылар халықты Кеңестік менталитеттен арындырып, ұлттық және тарихи сананы сілкіндіру, ана тілінің маңыздылығын ұқтыру, материалдық дүниеге құл болудан сақтандырып, қазақы рухты жаңғырту, жаһанданудың кейбір зиянды үрдістерінен қорғау мақсатымен жаңа туындылар жаза бастады. “Халқымның бақыты-менің бақытым” деп түйсінген ұлт жанашыры М. Шахановтың төмендегі өлең жолдары қазіргі қазақ қоғамын

²⁸ Табей, Коммуннар, Мұзда жанған алау, Алматы, Almatı, 1993, 139-б.

сілкініп, оятуға бағытталған туындылардың бір ғана көркем үлгісі:²⁹

“Қуат алса ашқарақ көз, материалдық санамыз,
Тою, баю мүмкіндігін басқа елден де табамыз.
Өз жерінде ұлтсыздансаң қайғы бар ма оған тең?
Ата-баба, рух-сенімін басқанын бұл табанмен.
Неге қарын байлығыңды тарта бердің көлденең?
Рух семсе, бірге тыныс ала алмайсың елменен.
Тілден қашсаң тоғышарсың тек байлыққа шөлдеген,
Ешкім баба тілін қорлап бақытты боп көрмеген.
Қайда барсаң материалдық байлық үшін алқыныс,
Аз да болмас бұл салада игі қадам, жарқын іс.
Ана тілсіз егемендік-жарты демеу, жарты ырыс,
Ол алқыныс-ұлтсыздыққа бағытталған талпыныс.
Егер ана тілің сөнсе, түрің, қарның қалады.
Басқа тілде жол ашарсың байлығыңа салалы.
Ерте, кеш пе, сені баба ғасырының саналы
Ызасы мен қасіреті, киесі іздеп табады.
Тілің кетсе-ұлтың өлер, өлер және елдігің,
Кеш таққаннан не қайыр бар ар мен намыс белдігін?
Ойлашы өзің, кімге қажет тәуелсіздік, теңдігің,
Қарын мүдде сыртқа тепсе рух егемендігін?!”

*Жер шары халықтары жақсылыққа оянсын деген
тілекпен баяндамамызды аяқтаймыз.*

²⁹ Шаханов, Мұхтар, Тілсіздендіру тұжырымдамасы, Алматы, 2005, 236-б.